

Жамбыл облысы Т. Рысқұлов ауданында орналасқан Қанат-1 құрылыс тасы кен орнында жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу салдарларын жою

көзделіп отырған қызметі туралы өтініші  
бойынша ұсыныстар мен ескертулердің жиынтық кестесі  
Хаттама

Жасалған күні: 11.04.2022

Уәкілетті орган: «Жамбыл облысы бойынша Экология департаменті» РММ

Мекен жай: Тараз қаласы, Тәуке хан көшесі, 1 а

Мүдделі мемлекеттік органдар мен қоғамның ескертулері мен ұсыныстарын  
жинау туралы хабарланған күн: 24.02.2022

Ескертулер мен ұсыныстарды ұсыну мерзімі: 24.02.2022-11.04.2022

Мүдделі мемлекеттік органдар мен қоғамның ескертулері мен ұсыныстары:

Нөмір және күні	Оператордың атауы	Мемлекеттік органның атауы	Ұсыныстар мен ескертулер
KZ15RYS0 0217672 23.02.2022 ж. № 4-1- 225, 224	"Базалит" ЖШС	ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ЖЕР ҚАТЫНАСТАРЫ БАСҚАРМАСЫ	Қазақстан Республикасының Экология кодексінің талаптарына сәйкес «Базалит» ЖШС-нің өтініші бойынша Қазақстан Республикасының Жер Кодексінің (бұдан әрі-Кодекс) 71, 71-1 баптары бойынша жер учаскелерін іздестіру жұмыстары үшін заңдастыруды және Кодекстің 139, 151 баптары негізінде жерді қорғаудың мақсаттары мен міндеттерін назарға алуды, сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 6 мамырдағы № 379 «Жерге орналастыру жобасын әзірлеу жөніндегі жерге орналастыру жұмыстарын орындау қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы негізінде Жерге орналастыру жобасында берілетін (өзгеретін) жер учаскесінің алаңы, оның шекарасы және орналасқан орны, бөгде және шектес меншік иелері немесе жер пайдаланушылар, сондай-ақ жер учаскесінің ауыртпалықтары мен сервитуттары айқындауды ұсынамыз. Сондай-ақ «Базалит» ЖШС-нің қарастырып отырған жер учаскесі Кодекстің 26 бабына және басқала КР Заң нормаларына сәйкестендірулі ескеру ұсынышалы.

<p>ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫНЫҢ САНИТАРИЯЛЫҚ – ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ ДЕПАРТАМЕНТІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ</p>	<p>Жамбыл облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті (бұдан әрі, Департамент) Жамбыл облысы, Тұрар Рысқұлов атындағы ауданда орналасқан "Базалит" ЖШС-нің «Қанат-1 құрылыс тасы кен орнындағы тау-кен жұмыстарының жоспары» ЖШС-нің өтініші бойынша ұсыныстар мен ескертулерге қатысты Сіздің хатыңызды қарап, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің хатына сай (шығ.№ 24-02-24/8199 07.10.2021ж.), құзыреті шегінде мыналарды хабарлайды.</p> <p>«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2020 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі - Кодекс) 19-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына сәйкес, белгіленген қызметті жүзеге асыру үшін болуы мүмкін Денсаулық сақтау саласындағы рұқсат беру құжаты эпидемиялық маңыздылығы жоғары объектінің халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды болып табылады.</p> <p>Эпидемиялық маңыздылығы жоғары объектілер Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 қарашадағы № ҚР ДСМ-220/2020 бұйрығымен (бұдан әрі - тізбе) айқындалған.</p> <p>Осыған байланысты, белгіленген қызмет туралы өтініштерде тізбедегі эпидемиялық маңыздылығы жоғары объектілерге рұқсат беру құжатының қажеттілігін көрсету қажет. Сондай-ақ, Кодекстің 46-бабы 4-тармағының 2) тармақшасына сәйкес халықтың санитариялық – эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органдар қоршаған ортаға зиянды заттар мен физикалық факторлардың жол берілетін шекті шығарындылары мен жол берілетін шекті төгінділері, санитариялық қорғау аймақтары мен санитариялық-қорғау аймақтары бойынша нормативтік құжаттама жобаларына санитариялық-эпидемиологиялық сараптама (бұдан әрі-нормативтік құжаттама жобалары) жүргізеді.</p> <p>Өз кезегінде, нормативтік құжаттама жобаларының сараптамасы «Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында мемлекеттік қызметтер көрсетудің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-336/2020 бұйрығымен айқындалған тәртіппен ұсынылатын мемлекеттік қызметтер шеңберінде жүргізіледі.</p> <p>Сонымен бірге, көзделіп отырған қызмет туралы өтініштер жоғарыда көрсетілген нормативтік құжаттама жобаларына жатпайды.</p>
--	---

<p>ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫНЫҢ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР ДЕПАРТАМЕНТІ</p>	<p>Жамбыл облысының Төтенше жағдайлар департаменті азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі болып табылғандықтан өз қызметін Қазақстан Республикасының азаматтық қорғау саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкес жүзеге асырады.</p> <p>Департамент өз құзыреті шегінде "Базалит" ЖШС-нің «Қанат-1 құрылыс тасы кен орнында жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу салдарын жою жоспары» (23.02.2022 ж. KZ15RYS00217672) белгіленіп отырған қызмет туралы өтінішіне төмендегідей ұсыныстар мен ескертулерді жолдайды.</p> <p>Жамбыл облысының табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар қауіп-қатерінің аумақтық каталогы негізінде Тұрар Рысқұлов ауданының табиғи сипаттағы төтенше жағдайлар, оның ішінде: қауіпті гидрологиялық құбылыстар (әр түрлі табиғи немесе гидродинамикалық факторлардың немесе екеуінің қосындысының әсер етуінен пайда болатын, адамдарға, ауылшаруашылық саласында малдар мен дәнді дақылдарына, экономика нысандары мен қоршаған табиғи ортаға зақым келтіретін, шығу тегі гидрологиялық болып келетін гидрологиялық процесстердің нәтижесі) орын алу ықтималдығы жоғары аудан қатарына енеді.</p> <p>Жер асты суларының жоғары деңгейі (су басу)</p> <p>Аудан аумағындағы су тасқыны құбылысы таулы аймақтардағы қарлардың еруінен және қарқынды жауындардың нәтижесінде баурайлардан су ағынын шақыру мүмкін.</p> <p>Метеорологиялық қауіпті құбылыстар</p> <p>Өзінің географиялық орналасуына байланысты аудан аумағындағы климаттық жағдайлар күрт өзгермелі болып келеді, қыста ауа температурасы – 40 градусқа дейін төмендеуі, ал жазда + 45 градусқа дейін жоғарылауы мүмкін, тәуліктік ауытқулар -20 градусқа дейін. Күшті қар көшкіні аудан аумағына тән, бұл автокөлік жолдарын қар басып қалуына, электр беру желілері мен байланыс желілерінің үзілуіне, ғимараттар мен ғимараттардың шатырларының қирауына әкеп соғуы мүмкін.</p> <p>Жер сілкінісі</p> <p>Тұрар Рысқұлов ауданы 2.03-30-2006ж. ҚНЖЕ сәйкес күштілігі 7-8 балл болатын қиратқыш жер сілкінісі аймағына кіреді.</p> <p>Сонымен қатар, 2008 жылғы 25 сәуірдегі Жамбыл облысы әкімдігінің №113 (Су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу туралы) қаулысын ақпарат үшін жолдайды.</p>
--	---

<p>ШУ-ТАЛАС БАССЕЙНДІК ИНСПЕКЦИЯСЫ</p>	<p>Шу-Талас бассейндік инспекциясы (бұдан әрі - Инспекция) Сіздің жоғарыда аталған хатыңыздағы "Базалит" ЖШС-нің «Қанат-1 құрылыс тасы кен орнында жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу салдарын жою жоспары» (23.02.2022ж. KZ15RYS00217672) белгіленіп отырған қызмет туралы өтінішін қарап төмендегідей ұсынысын жолдайды.</p> <p>ҚР «Су кодексінің» 124 бабына сәйкес, судың зиянды әсерінің алдын алу және оларды жою жөніндегі шараларды жүзеге асыру тәртібі, 125-бабына сәйкес, су объектілерінде, су қорғау аймақтары мен белдеулерінде кәсіпорындарды және басқа да құрылыстарды орналастыру, жобалау, салу, реконструкциялау және пайдалануға беру шарттары мен 126-бабының талаптарына сәйкес, су объектілерінде және олардың су қорғау аймақтары мен белдеулерінде жұмыстар жүргізу шарттарын қатаң сақтау қажет.</p> <p>Сонымен қатар, ҚР «Су кодексінің» 125 бабы 7 тармағына сәйкес, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен келісілген және салалық сараптамалардың түйіндерін қамтитын, құрылыс жобаларына (техникалық-экономикалық негіздемелерге, жобалау-сметалық құжаттамаға) ведомстводан тыс кешенді сараптаманың оң қорытындысы алынған жобалар болмаса, су қорғау аймақтары мен белдеулерінде кәсіпорындар, ғимараттар, құрылыстар мен коммуникациялар салуға (реконструкциялауға, күрделі жөндеуге) тыйым салынады.</p> <p>Жер асты немесе жер бетінен тікелей суды пайдаланған жағдайда, Қазақстан Республикасы Су кодексінің 66 бабының талаптарына сәйкес, арнайы су пайдалану рұқсатын рәсімдеу қажет екенін ескертеміз.</p>
<p>"Жамбыл облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы" РММ</p>	<p>Жамбыл облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы «Базалит» ЖШС-нің «Қанат – 1 құрылыс тасы кен орнындағы тау-кен жұмыстарының жоспары» (23.02.2022 ж. KZ13RYS00217417) белгіленіп отырған қызмет туралы өтінішін қарап, мемлекеттік орман қоры жеріне және ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға кірмейді. Алайда «Көгершін» аңшылық алқабында орналасқан. Сонымен қатар ҚР Қызыл кітабына енгізілген өсімдіктер кездеспейді. Сондай-ақ, ҚР Қызыл кітабына енгізілген, көші – қон арқылы өтетін жабайы құстар Ителгі, Бүркіт, Безгелдек т.б. және Үнді жайрасы мекен етеді. Аңшылық түрлері тау теке, елік, қабан, қырғауыл, шіл, кекілік, түлкі, т.б. түрлері кездесетіндігін хабарлаймын.</p>

Ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тарапынан келіп түскен жоқ.

Протокол  
сводной таблицы замечаний и предложений на  
заявление о намечаемой деятельности по объекту:

Ликвидация последствий проведения операций по недропользованию на месторождении строительного камня Канат-1, расположенного в районе Т. Рыскулова  
Жамбылской области

Дата составления: 11.04.2022

Уполномоченный орган: РГУ «Департамент экологии по Жамбылской области»

Адрес: город Тараз, улица Тауке хана, 1 а

Дата извещения о сборе замечаний и предложений заинтересованных государственных органов и общественности: 24.02.2022

Срок предоставления замечаний и предложений: 24.02.2022-11.04.2022

Замечания и предложения заинтересованных государственных органов и общественности:

Номер и дата	Наименование оператора	Наименование государственного органа	Предложения и замечания
KZ15RYS00217672 от 23.02.2022 г. № 4-1-225	ТОО "Базалит"	ШУ-ТАЛАССКАЯ БАССЕЙНОВАЯ ИНСПЕКЦИЯ	<p>Шу-Таласская бассейновая инспекция (далее-Инспекция) рассмотрев в вашем вышеназванном письме заявление ТОО "Базалит" о намечаемой деятельности «план ликвидации последствий проведения операций по недропользованию на месторождении строительный камень Канат-1» (KZ15RYS00217672 от 23.02.2022 г.), направляет следующее предложение.</p> <p>Порядок осуществления мер по предупреждению и ликвидации вредного воздействия вод в соответствии со статьей 124 Водного кодекса РК, условиями размещения, проектирования, строительства, реконструкции и ввода в эксплуатацию предприятий и других сооружений на водных объектах, водоохраных зонах и полосах в соответствии со статьей 125 и требованиями статьи 126 Водного кодекса РК необходимо строго соблюдать условия проведения работ на объектах и их водоохраных зонах и полосах.</p> <p>Вместе с тем, согласно п. 7 ст. 125 "Водного кодекса" РК, при отсутствии проектов, согласованных в установленном законодательством Республики Казахстан порядке и имеющих положительное заключение комплексной вневедомственной экспертизы проектов строительства (технико-экономических обоснований, проектно-сметной документации), содержащих узлы отраслевых экспертиз, в водоохраных зонах и полосах предприятия, здания, сооружения и строительство (реконструкция, капитальный ремонт) коммуникаций запрещается.</p> <p>В случае использования подземных или поверхностных вод необходимо оформить разрешение на специальное водопользование в соответствии с требованиями статьи 66 Водного кодекса Республики Казахстан.</p>

<p>УПРАВЛЕНИЕ ЗЕМЕЛЬНЫХ ОТНОШЕНИЙ АКИМАТА ЖАМБЫЛСКОЙ ОБЛАСТИ</p>	<p>В соответствии с требованиями экологического кодекса Республики Казахстан по обращению ТОО «Базалит» необходимо обеспечить легализацию земельных участков для изыскательских работ по статьям 71, 71-1 Земельного кодекса Республики Казахстан (далее-Кодекс) и принятие во внимание целей и задач охраны земель на основании статей 139, 151 Кодекса, а также, На основании приказа министра национальной экономики Республики Казахстан от 6 мая 2015 года № 379 «Об утверждении правил выполнения землеустроительных работ по разработке землеустроительного проекта» предлагаем в землеустроительном проекте определить площадь предоставляемого (изменяемого) земельного участка, его границы и место нахождения, сторонних и смежных собственников или землепользователей, а также обременения и сервитуты земельного участка.</p> <p>Также предлагается учитывать приведение рассматриваемого земельного участка ТОО» Базалит " в соответствие со статьей 26 Кодекса и другими нормами Закона РК.</p>
--	---

ДЕПАРТАМЕНТ САНИТАРНО –  
ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКОГО КОНТРОЛЯ  
ЖАМБЫЛСКОЙ ОБЛАСТИ

Департамент санитарно – эпидемиологического контроля Жамбылской области (далее, Департамент) рассмотрев Ваше письмо касательно предложений и замечаний по заявлению о намечаемой деятельности ТОО "Базалит" «План горных работ на месторождении строительного камня Канат-1», расположенное в районе имени Турара Рыскулова, Жамбылской области в соответствии с письмом Комитета санитарно-эпидемиологического контроля Министерства здравоохранения Республики Казахстан (исх.№ 24-02-24/8199 от 07.10.2021г.), в пределах компетенции сообщает следующее.

Согласно подпункту 1) пункта 1 статьи 19 Кодекса Республики Казахстан от 7 июля 2020 года «О здоровье народа и системе здравоохранения» (далее - Кодекс), разрешительным документом в области здравоохранения, наличие которого предположительно потребуется для осуществления намечаемой деятельности является санитарно-эпидемиологическое заключение о соответствии объекта высокой эпидемической значимости нормативным правовым актам в сфере санитарно-эпидемиологического благополучия населения.

Объекты высокой эпидемической значимости определены приказом Министра здравоохранения Республики Казахстан от 30 ноября 2020 года № ҚР ДСМ-220/2020 (далее - Перечень).

В этой связи, в заявлениях о намечаемой деятельности необходимо указывать необходимость разрешительного документа к объектам высокой эпидемической значимости из Перечня.

Также, согласно подпункту 2) пункта 4 статьи 46 Кодекса, государственными органами в сфере санитарно-эпидемиологического благополучия населения, проводится санитарно-эпидемиологическая экспертиза проектов нормативной документации по предельно допустимым выбросам и предельно допустимым сбросам вредных веществ и физических факторов в окружающую среду, зонам санитарной охраны и санитарно-защитным зонам (далее – Проекты нормативной документации).

В свою очередь, экспертиза Проектов нормативной документации проводится в рамках предоставляемых государственных услуг, в порядке определенных приказом Министра здравоохранения Республики Казахстан от 30 декабря 2020 года № ҚР ДСМ-336/2020 «О некоторых вопросах оказания государственных услуг в сфере санитарно-эпидемиологического благополучия населения».

Вместе с тем, заявления о намечаемой деятельности не относятся к вышеуказанным Проектам нормативной документации.

<p>ДЕПАРТАМЕНТ ПО ЧРЕЗВЫЧАЙНЫМ СИТУАЦИЯМ ЖАМБЫЛСКОЙ ОБЛАСТИ</p>	<p>Департамент по чрезвычайным ситуациям Жамбылской области, являясь территориальным подразделением уполномоченного органа в сфере гражданской защиты, осуществляет свою деятельность в соответствии с требованиями законодательства Республики Казахстан в области гражданской защиты.</p> <p>Департамент в пределах своей компетенции направляет следующие предложения и замечания на заявление ТОО "Базалит" о намечаемой деятельности «план ликвидации последствий проведения операций по недропользованию на месторождении камень строительный Канат-1» (KZ15RYS00217672 от 23.02.2022 г.).</p> <p>На основе территориального каталога угроз чрезвычайных ситуаций природного и техногенного характера Жамбылской области район Турара Рыскулова входит в число районов с высокой вероятностью возникновения чрезвычайных ситуаций природного характера, в том числе: опасных гидрологических явлений (результат гидрологических процессов, происхождением которых является гидрологическое, вызванное воздействием различных природных или гидродинамических факторов или комбинации двух, поражающих людей, сельскохозяйственных животных и зерновые культуры, объекты экономики и окружающую природную среду).</p> <p>Высокий уровень грунтовых вод (подтопление)</p> <p>Паводковые явления на территории района могут вызвать отток воды со склонов в результате таяния снега в горных районах и интенсивных дождей.</p> <p>Метеорологические опасные явления</p> <p>Из – за своего географического положения климатические условия на территории района резко изменяются, зимой температура воздуха может снижаться до -40 градусов, а летом-повышаться до + 45 градусов, суточные колебания-до -20 градусов. Для территории района характерны сильные лавины, которые могут привести к заснеженности автомобильных дорог, обрыву линий электропередач и связи, разрушению крыш зданий и сооружений.</p> <p>Землетрясение</p> <p>Согласно СНиП 2.03-30-2006г. район Турара Рыскулова входит в зону разрушительного землетрясения силой 7-8 баллов.</p> <p>Также направляет для информации постановление акимата Жамбылской области от 25 апреля 2008 года №113 (об установлении водоохранных зон и полос).</p>
---	--



		РГУ "Жамбылская областная территориальная инспекция лесного хозяйства и животного мира"	Жамбылская областная территориальная инспекция лесного хозяйства и животного мира рассмотрев заявление ТОО «Базалит» о намечаемой деятельности «план горных работ на месторождении строительного камня Канат-1» (KZ13RYS00217417 от 23.02.2022 г.), не входит в земли государственного лесного фонда и особо охраняемых природных территорий. Однако находится в охотничьем угодье. Также растения, занесенные в Красную книгу РК не встречаются. Также обитают миграционные дикие птицы, занесенные в Красную книгу РК, такие как ястреб, Беркут, стрепет и др., а также Индийская жайра. встречаются охотничьи виды: горный козел, косуля, кабан, фазан, куропатка, куропатка, Лисица и др.
--	--	---	---

Замечания и предложения от общественности не поступало.